

«Әкімдіктің
2019 жылғы 25 қазандағы
№ 450 қаулысымен
бекітілген

**Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының
«Қостанай облыстық психикалық денсаулық орталығы» КМК
жарғысына толықтырулар мен өзгеріс**

1. Жалпы ережелер

14-тармақ мынадай мазмұндағы 14), 15), 16), 17) тармақшалармен толықтырылсын:

«14) психикалық және мінез-құлық бұзылулары бар адамдарды еңбекпен оңалту;

15) психикалық және мінез-құлық бұзылулары бар адамдарға кәсіпорында жаңа кәсіпті игеру;

16) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №188 «Кәсіптік қызметтің жекелеген түрлерін, сондай-ақ жоғары қауіп көзімен байланысты жұмыстарды жүзеге асыруға арналған медициналық психиатриялық қарсы көрсетілімдер тізбесі» бұйрығына сәйкес кәсіби қызметтің жекелеген түрлерін, сондай-ақ жоғары қауіп көздерімен байланысты жұмыстарды қоспағанда, еңбек қызметінің кез келген түрін ұйымдастыру;

17) психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарды еңбекпен оңалту процесінде өндірілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу.»;

4. Кәсіпорынды басқару

20-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«20. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып, сондай-ақ Жарғының 5-тарауында көзделген жағдайларда бақылау кеңесі болып табылады.»;

26-тармақ мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

«14) Басқару органы және байқау кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.»;

5. Байқау кеңесі бар Кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

27-тармақ:

мынадай мазмұндағы 11), 12), 13), 14), 15) тармақшалармен:

«11) Кәсіпорынның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

12) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындайды;

13) Кәсіпорынның ұйымдық құрылымын бекітеді;

14) Кәсіпорын немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындайды;

15) Кәсіпорынның осы жарғысында көзделген, жергілікті атқарушы органының және Басқару органының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен:

«Байқау кеңесінің осы тарауда белгіленген өкілеттіктерін Кәсіпорынның атқарушы органына беруге жол берілмейді.

Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге міндетті.» толықтырылсын:

**Қостанай облысы әкімдігі
денсаулық сақтау басқармасының
«Қостанай облыстық психикалық
денсаулық орталығы» КМК
бас дәрігері**



В. Михайленко